

**А.М. Сайтбеков**

М. Есболатов атындағы ҚР ИІМ Алматы академиясы, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: aidarsaitbek1@mail.ru

## ЕУРОПАЛЫҚ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН БАСҚА ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕТІКТЕРДЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Бұл мақаланың бірден-бір мақсаты – Еуропалық адам құқықтарын қорғау жүйесінің адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жүйесіндегі орнын көрсету. Осыған сәйкес авторлар Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар туралы Хартиясын, 1950 жылы қабылданған адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы Еуропалық конвенциясын, Еуропалық Әлеуметтік Хартиясын және ЕҚЫҰ-ның құжаттарын салыстыра отырып, оның адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жүйесіндегі орнын айқындайды. Мақалада аталған нормативтік құжаттардың жалпы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы ерекше рөлі ашылған. Тақырып аясында айналымдағы адам құқықтары бойынша қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер құқықтық жүйеге енгізу үшін құқықтық контекстегі кемшіліктерді талдау үшін өзара байланысты болды. Мысал ретінде тиісті баптарға сілтеме жасалды. Мақалада еуропалық адам құқықтарын қорғау жүйесінің Қазақстан Республикасының құқық қолдану аясы үшін маңыздылығы атап өтілген. Осы саладағы еуропа құқық кеңістігіндегі нормативтік база жан-жақты талданды. Зерттеу нәтижелері бойынша еуропалық адам құқықтарын қорғау жүйесінің ұтымды бөліктерін отандық адам құқықтарын қорғау жүйесіне енгізу ұсынылды. Адам және азамат құқықтарын іске асыру тетігі үшін қолданыстағы заңнама функционалды және хронологиялық тәртіппен ұйымдастырылған белгілі бір құқықты жүзеге асырудың әдістері мен құралдарының жүйесін білдіреді.

**Түйін сөздер:** адам құқықтары мен бостандықтары, Еуропалық конвенция, хартия, негізгі құқықтар, адам құқықтарын қорғау, тетік, жүйе.

A.M. Saitbekov

Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs  
of the Republic of Kazakhstan named after M. Esbolatov, Kazakhstan, Almaty  
e-mail: aidarsaitbek1@mail.ru

### Features and differences of the European system of human rights from other legal mechanisms

The purpose of this article is to highlight the role of the European human rights system in the protection of human rights and fundamental freedoms. Accordingly, the authors determine its place in the system of protection of human rights and fundamental freedoms by comparing the EU Charter of Fundamental Rights, the European Convention on Human Rights and Fundamental Freedoms of 1950, the European Social Charter and OSCE documents. The article reveals the special role of these normative acts in the protection of human rights and freedoms in general. Within the framework of the topic, the normative legal acts on human rights in circulation were interconnected to analyze the work in the legal context for implementation into the legal system. Relevant articles are provided as examples. The article emphasizes the importance of the European system of human rights protection for the law enforcement activities of the Republic of Kazakhstan. The regulatory framework of the European legal space in this area has been comprehensively analyzed. Based on the results of the study, it was proposed to include effective parts of the European system of human rights protection in the domestic system of human rights protection. For the mechanism of realization of human and civil rights, under the current legislation we understand a system of methods and means of realization of a particular right, organized in a functional and chronological order.

**Key words:** human rights and freedoms, European Convention, charter, fundamental rights, protection of human rights, mechanism, system.

А.М. Сайтбеков

Алматинская академия МВД РК имени М. Есболатова, Казахстан, г. Алматы  
e-mail: aidarsaitbek1@mail.ru

### **Особенности и отличия европейской системы прав человека от других правовых механизмов**

Цель данной статьи – подчеркнуть роль европейской системы прав человека в защите прав человека и основных свобод. Соответственно, определяется ее место в системе защиты прав и основных свобод человека путем сопоставления Хартии ЕС об основных правах, Европейской конвенции о правах человека и основных свободах 1950 года, Европейской социальной хартии и документов ОБСЕ. В статье раскрывается особая роль данных нормативных актов в защите прав и свобод человека в целом. В рамках темы действующие в обороте нормативно-правовые акты по правам человека были взаимосвязаны для анализа обработки в правовом контексте для внедрения в правовую систему. Соответствующие статьи приводятся в качестве примеров. В статье подчеркивается важность европейской системы защиты прав человека для правоохранительной деятельности Республики Казахстан. Всесторонне проанализирована нормативная база европейского правового пространства в этой сфере. По результатам исследования было предложено включить эффективные части европейской системы защиты прав человека в отечественную систему защиты прав человека. Для механизма реализации прав человека и гражданина под действующим законодательством понимаем систему методов и средств реализации того или иного права, организованную в функциональном и хронологическом порядке.

**Ключевые слова:** права и свободы человека, Европейская конвенция, хартия, основные права, защита прав человека, механизм, система.

#### **Кіріспе**

Адам құқықтарын қорғаудың еуропалық жүйесінің жоғары нәтижелілігі мен сенімділігі тек осы жүйенің өзіне ғана тән белгілерімен ерекшеленеді. Олардың қатарына АҚЕК /ЕКПЧ/ қатысушы-мемлекеттерінің адам құқықтарын сақтауын соттық бақылау, АҚЕС /ЕСПЧ/ қаулыларының тиісті орындалуын ұжымдық халықаралық қадағалау, жеке және заңды тұлғалардың өздеріне берілген құқықтарын талап етудің кең процессуалдық мүмкіндіктері жатады. Осы аталған тетіктердің бірін-бірі толықтырушы деңгейлерінің органикалық өзара байланысы және олардың арасында қалыптасқан бөлінбес біртұтастық орталық мәні бар. Бұдан басқа жүйені қалыптастырудағы ұйымдастырушылық және процессуалдық шешімдер ЕО елдерінің саяси және құқықтық мәдениетінің, әлеуметтік-экономикалық даму үлгісінің ортақтығымен анықталатын тарихи тәжірибесінің ұқсастығы арқасында өзін-өзі ақтады.

#### **Материалдар мен әдістер**

АҚЕК /ЕКПЧ/ мәселесі бойынша әдебиетте АҚЕК /ЕКПЧ/-дағы ең бастысы – Сот және ол – адам құқықтарын қорғаудың бірден-бір еуропалық жүйесі болып табылады деген көзқарас қалыптасқан. Бірақ бұл қате түсінік.

Шын мәнінде, еуропалық жүйе профессор Л.М. Энтиннің айтуы бойынша, көпқабатты конфигурацияға ие (Энтин 2008: 359).

Бірінші қабат ұлттық сот органдарын құрайды. Олар 1950 жылғы конвенцияның орындалуы үшін негізгі жауаптылықты артады. Олардың қалыпты қызметіне мемлекеттегі адам құқықтарына құрметтің нақтылы деңгейі мен олардың бұзылған жағдайда қалпына келтірілу мүмкіндігі тәуелді. АҚЕК /ЕКПЧ/ ұлттық сот органдары өздері сырттан еш көмексіз мемлекет аппараты қызметіндегі келеңсіздіктер мен құқыққолдану тәжірибесіндегі қателіктердің алдын алуы тиіс деген ұстанымда.

Екінші қабатын АҚЕС /ЕСПЧ/ өзі құрайды. Ол мемлекетке ұлттық сот жүйесі істен шыққанда немесе өз міндетін атқара алмаған жағдайда көмекке келеді. Сондай-ақ, ол ұлттық заңнамада адам құқықтарын қорғау тұрғысынан сәйкессіздіктер мен мемлекеттік аппарат қызметінде құрылымдық кемшіліктер пайда болған жағдайда да сұранысқа ие болады. Типтік мысал – ұлттық дәстүрмен араласқан көне құқық нормаларын сақтау, құқықтан бас тарту, квазисоттық рәсімдермен әділсотты алмастыру.

Үшінші қабат рөлін делинквент мемлекеттердің АҚЕС /ЕСПЧ/ қаулысын орындауын халықаралық қадағалау атқарады. Мұндай қадағалауды ЕК Министрлер Комитеті жүзеге асырады (АҚЕК /ЕКПЧ/ 46 б. 2 т.). Бұл қатынасқа

ол ЕК-нің құрылтай органы емес, конвенциялық институт ретінде қатысады. Бақылауға тиісті мемлекеттердің құқықбұзушылығы анықталған Соттың барлық қаулылары беріледі. Бұл істер мемлекеттер қаулыны толық көлемде әрі адал орындағанына көзі жеткенше Комитеттің қарауында болады.

Төртінші қабат – қабылданған немесе Сот шығарған шешімнің орындалуы. АҚЕК /ЕКПЧ/ оны ақырғы сот шешімі бағытталған мемлекеттің міндетіне жүктейді (46 б. 1 т.). Шешімнің орындалуы дегеніміз – Еуропалық Сот тағайындаған өтемақыны төлеу, құқықбұзушылықтың заңи салдарының алдын алу (жеке шаралар) және болашақта ұқсас жағдайдың алдын алуға бағытталған кешендік шараларды жүзеге асыру (жалпы сипаттағы шаралар). Кейбір жағдайларға байланысты әрекет етуші заңнамаға өзгерістер енгізу немесе жаңа нормативтік актілер қабылдау, құқыққолданушы тәжірибені түзету, ағартушылық не болмаса тәрбиелік жоспарлар акциясы және т.б. талап қойылуы мүмкін (Энтин 2008: 360).

Қабаттар циклі аяқталысымен адам құқықтарын қорғаудың еуропалық жүйесі алғашқы қалпына оралады. Сөйтіп, базалық деңгейге қайта ораламыз. Конвенцияның ережелерін сақтау міндеті қайтадан ұлттық сот органдарына жүктеледі. Ендігіде ұлттық соттар жинақталған тәжірибе мен АҚЕС /ЕСПЧ/-нан алған түсініктемелері есебінен адам құқықтарын қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ете отырып жұмыс атқарады.

### Талқылау мен нәтижелер

Нәтижесінде еуропалық жүйені құрушы адам құқықтарын қорғаудың барлық деңгейі біртұтас болып табылады. Мұндай нәтижені жүйе қызмет етуі барысында қалыптасқан нәтиженің өзі береді. АҚЕС /ЕСПЧ/ қаулылары шынайы орындалады. Шешімді орындаудан бас тартуға ұмтылушы мемлекеттер қатаң халықаралық қысымға қалып қоюдан қауіптенеді. Сондықтан мұндай жағдайға бармауға тырысады. Сот қалыптастырған прецеденттік құқық та қатысушы мемлекеттің ішкі құқық жүйесіне енгізілген. Ұлттық соттар АҚЕС /ЕСПЧ/ қаулысына тікелей сүйенуге құқылы. Ұлттық соттар мен АҚЕС /ЕСПЧ/ арасында төменгі немесе жоғары звено демей, жалпы сенімді қатынас орнаған. Мұндай қатынастың орнауына соттың белсенділігі ғана емес, әр түрлі байланыс бағдарламалары, зерттеулер, ақпараттық және

ғылыми конференциялар мен симпозиумдар жәрдемдеседі. Сондай-ақ, АҚЕС /ЕСПЧ/ тәжірибесін ұлттық заң шығару органдары да қадағалауында ұстайды. Көптеген еуропалық елдерде заң жобасын алдын-ала АҚЕК /ЕКПЧ/ пен АҚЕС /ЕСПЧ/ тәжірибелеріне сәйкестігі жөнінде сараптама жүргізетін арнайы бақылау механизмдері құрылған. Нәтижесінде оң қорытынды алмаған қажетті заң жобасы қарастырылуға да жіберілмейді.

Еуропалық Конвенцияның қабылдану тарихына қысқаша тоқталып өтетін болсақ, оның жобасын алғаш 1949 жылдың 12 шілдесінде Пьер-Анри Тейтжен, сэр Давид Максвелл-Файф және профессор Фернан Деусс Еуропа Кеңесінің министрлер Комитетіне Еуропалық Сот Статутының жобасымен бірге ұсынды. Алайда 1949 жылғы 9 тамыздағы министрлер Комитетінің бірінші сессиясында 7 қарсы дауыспен (4 «иә» және 1 дауыс беруден бас тартқан) бұл мәселе күн тәртібінен алынып тасталды. Қарсы шыққан Норвегия, Франция және Швеция делегаттарының айтуы бойынша, бұл мәселе БҰҰ шеңберінде толық талқыланып, нәтижесінде адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясы қабылданып қойды. Сол себепті де тағы да ұқсас құжат қабылдаудың қажеті жоқ деп шешті (Дженис 1997: 22). 1949 жылдың 12 тамызында Тейтжен, Максвелл-Файф және 45 өкіл қайтадан Конвенция жобасын ұсынды. Олар өз ұсынысын Еуропадағы нацисттердің оккупациялауы кезіндегі адам құқықтарының бұзылуымен байланыстыра отырып, жаңа құқық жүйесін құруды ұсынды (Дженис 1997: 23). Ұзақ пікірталастар нәтижесінде 1950 жылы 4 қарашада Еуропа Кеңесіне мүше-мемлекеттер адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияны қабылдады. Конвенция 1953 жылы 3 қыркүйекте күшіне енді. Ал оны қабылдағаннан кейін 25 жыл өткен соң, Еуропа Кеңесіне мүше барлық мемлекеттер Конвенцияға толық қатысушы болып табылды.

Еуропалық Конвенцияның преамбуласында көрсетілгендей, оның барлық қатысушылары адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясында атап көрсетілген «кейбір құқықтарды» жүзеге асыруға «бірінші қадам» ұйымдастыруды мақсат етеді (<http://www.echr.ru/documents/doc/2440800/2440800-004.htm>). Шын мәнінде, Еуропалық Конвенцияда Жалпыға бірдей декларация мен адам құқықтары туралы Пактілерде бекітілген құқықтардың кейбір бөлігі ғана кездеседі. Ал ЕО Хартиясы бұл құқықтардың барлығын қайталап қана қоймай,

жаңа заман талабына сәйкес құқық түрлерімен де толықтырған. Оларды нақты атайтын болсақ, тұлға тұтастығы мен жақсы басқаруға құқық түрлері жатады. Бірақ әрине, Конвенция мазмұны әр түрлі көптеген хаттамалармен толықтырылуда. Әйкенмен, оның негізгі жетістігі – бұл толықтырулар емес. Француз ғалымы К. Васак жазғандай, «Конвенцияның құндылығы – фактілік түрде ол қорғайтын құқықтармен емес, оның механизмімен анықталады». Ол атап көрсеткендей адамзат тарихында алғаш рет мемлекеттен тыс әрекет ететін және бүкіл адамзаттың ортақ құндылығын көздейтін алғашқы халықаралық механизм пайда болды (Vasak 1982). Бұл механизм басқа да ғалымдардың айтуы бойынша, «ерекше, өміршен әрі дамушы» механизм болып табылады. Хартия мен Конвенцияның жүзеге асырылу механизмі жайында толығырақ екінші бөлімде айтатын боламыз.

Еуропа Әлеуметтік Хартиясының жобасы 1950 жылғы Адам құқығы жөніндегі Еуропа Конвенциясы сияқты Еуропа Кеңесінің қамқорлығымен жазылды. Ол адам құқықтарының қалыптасқан еуропалық жүйесін әлеуметтік және экономикалық құқықтармен толықтырды. Еуропалық Әлеуметтік Хартия 1961 жылдың 18 қазанында қол қоюға ашық деп жарияланып, 1965 жылдың 26 ақпанында күшіне енді. Құжатқа соңғы өзгертулер мен толықтырулар 1996 жылдың 3 мамырында жасалды.

Еуропалық Одаққа мүше әрбір мемлекет Хартияда жазылған құқықтардың барлығына емес, тек кейбіреулеріне ғана кепілдік бере алады. Мемлекеттер төмендегі құқықтардың ішінен кемінде алтауын қамтамасыз етуге міндетті болып келеді. Олар: еңбек ету құқығы; ұйым құруға құқық; балалар мен жастарды қорғау құқығы; әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы; әлеуметтік және медициналық көмекке деген құқық; отбасының әлеуметтік, заңи және экономикалық қорғалу құқығы; еңбекші-мигранттар мен олардың отбасын қорғау және көмек көрсету құқығы; жұмысбастылық аясында жынысына байланысты кемсітушіліксіз теңдей жағдай жасау ([http://eulaw.edu.ru/documents/scient\\_effort/conf\\_26-04-01/markina.htm](http://eulaw.edu.ru/documents/scient_effort/conf_26-04-01/markina.htm)). Бұл жағдайдан біз Хартияның өзінің ұсыныстық сипатын дәлелдейтінін байқап отырмыз.

Ары қарай ЕҚЫҰ-ның белгілі «адам өлшемдері» аясында қабылданған құжаттарына назар аударайық. ЕҚЫҰ шеңберінде адам құқықтар мен негізгі бостандықтарын қорғау адам өлшемдері деген атқа ие. Адам өлшемдерінің

негізгі қайнар көздеріне 1990 жылғы ЕҚЫҰ-ның адам өлшемдері бойынша Копенгагендегі кездесу конференциясының Құжаты мен 1991 жылғы ЕҚЫҰ-ның адам өлшемдері бойынша Мәскеудегі кездесу конференциясының Құжаты жатады. Копенгаген Құжаты ЕҚЫҰ шеңберінде алғаш рет адам өлшемдері туралы міндеттемелер енгізді. Олар: бейбіт шеру мен демонстрация өткізуге құқық, өз мүлкін бейбіт пайдалану, бала құқығы және сайлау құқығы. 1991 жылы Мәскеуде қабылданған Құжат бұған қосымша халықтың еркіне тыс билікті жаулап алуға тырысқан күштерді соттау мен төтенше жағдай кезінде адам құқықтарын қорғауды енгізді (Утегенова 2008: 59).

Еуропа Кеңесімен қатар адам құқықтары мәселелерімен ЕҚЫҰ да айналысады. Барлық Батыс және Шығыс Еуропа елдерін, сондай-ақ, Канада мен АҚШ сияқты ірі алпауыт мемлекеттерді біріктіретін бұл ұйым (бастапқыдағы Кеңес) өзінің қызметін Хельсинкиде 1973 жылы 3 шілдеден бастау алады. Бұл үрдіс көбіне «Хельсинки үрдісі» деген атаумен жақсы таныс. 1994 жылы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Кеңес (ЕҚЫК) Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Ұйымға (ЕҚЫҰ) айналды.

1975 жылы 1 тамызда Хельсинки Қорытынды Актісіне қол қойылды. Оның төрт негізгі бөлімдерінің біріндегі қатысушы-мемлекеттердің консенсус негізіндегі бірлескен келісімі еуропалық мемлекеттердің гуманитарлық ынтымақтастығы мен адам құқықтарына арналған. Бұл актінің бірінші бөлімін қатысушы-мемлекеттердің өзара қарым-қатынас кезінде басшылыққа алатын қағидаларының Декларациясы құрайды. Декларация келесідей он халықаралық құқық қағидасын бекітеді: егеменді теңдік қағидасы, күш қолданбау немесе күшпен қорқытпау, шекаралардың мызғымастығы, аумақтық тұтастық қағидасы, дауларды бейбіт жолмен шешу, ішкі істерге араласпау, ой, намыс, дін және наным-сенім бостандығын қоса алғанда, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеу, теңдік және халықтардың өз тағдырын өзі анықтау құқығы, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық және халықаралық құқық бойынша міндеттемелерін адал орындау қағидасы. Аталған қағидалардың ішінен адам құқықтарын құрметтеу қағидасы алғаш рет халықаралық-құқықтық тәжірибеге енгізілген. Бұған дейін бұл қағида БҰҰ Жарғысында бекітілген. Алайда ол құжатта «адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу»

қағидасының заңи күші императивті болып көрсетілмеген. Аталған қағида бойынша Хельсинки Қорытынды актісіне қосылған мемлекеттер адамның нәсілі, жынысы, тілі және дініне қарамастан негізгі құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге және азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарды нәтижелі түрде жүзеге асыруды өз міндеттемелері ретінде алды.

Аталған Актіде қатысушы-мемлекеттер «қатысушы-мемлекеттер арасындағы, сондай-ақ, барлық мемлекеттер арасындағы достық қатынас пен ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз ету үшін қажет бейбітшілік, әділеттік және ырыс нышаны болып табылатын адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеудің жалпыға ортақ маңызын» арнайы атап көрсетті (Султанов 2009: 115).

Хельсинки Қорытынды Актісі білім, мәдениет, ақпарат, адамдар арасындағы байланысты қоса алғанда, адам құқықтарына қатысты әр түрлі салалардағы мемлекеттер ынтымақтастығының нақты нысаны мен бағытын анықтап берді. Ол Еуропа елдері, АҚШ пен Канаданың адам құқықтары саласындағы жемісті ынтымақтастығының негізіне айналды.

2010 жылғы Астана декларациясы да Қорытынды актінің қағидаларын басшылыққа алады. Қауіпсіздік қоғамдастығына бастау алған Астана декларациясына қатысушы-мемлекеттер «бейбітшілікті адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын сақтаумен тығыз байланыстыратын және экономикалық, экологиялық ынтымақтастықты бейбіт мемлекетаралық қатынастармен байланыстыратын Қорытынды актіден бастама алған жалпылама, ынтымақтастық, тең және бөлінбес қауіпсіздік тұжырымдамасына сүйенетінін» баса атап көрсетеді (<http://vesti.kz/polit/71115/>).

1990 жылы Париждегі жалпы еуропалық кездесуде, сондай-ақ, Белградтағы (1977-1978 ж.ж.), Мадридтегі (1980-1983 ж.ж.), Венадағы (1986-1989 ж.ж.), Копенгагендегі (1990ж.) және Мәскеудегі (1991 ж.) Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық Кеңесіне қатысушы-мемлекеттер өкілдерінің кездесуінде Еуропа мемлекеттерінің, АҚШ пен Канаданың адам құқықтары саласындағы ынтымақтастығын дамыту бойынша нақты шешімдер әзірленіп, қабылданды.

1990 жылдың 19-21 қарашасында Париж қаласында өткен жалпы еуропалық кездесу нәтижесі бейбітшілік, демократия және біртұтастықтың жаңа кезеңіне бастау алған жаңа

Еуропа үшін Париж хартиясын бекітті. Хартияның адам құқықтары, демократия және заң үстемдігі атты бөлімінде «Демократияны басқарудың жалғыз жүйесі ретінде нығайтамыз және бұл бастауда келесі қағидаларды басшылыққа алатынын айтқан: адам құқықтары мен негізгі бостандықтары барлық адамдарға тумысынан беріледі және оған заң кепілдік етеді. Адам құқықтарын қорғау – үкіметтің ең басты міндеттемесі. Оларды құрметтеу – мемлекеттің үстем билігінен қорғайтын маңызды кепілдік. Адам құқықтарын орындау және толық жүзеге асыру – бостандық, әділеттік және бейбітшіліктің негізі» (Султанов 2009а: 189).

ЕҚЫК адам өлшемдері бойынша Мәскеу конференциясының құжатында жазылғандай, қатысушы-мемлекеттер адам құқықтары, негізгі бостандықтары, демократия және заң үстемдігіне қатысты мәселелер халықаралық сипатқа ие екенін атап көрсетеді. Себебі бұл құқықтар мен бостандықтардың орындалуын сақтау халықаралық тәртіп негізін құрайды. Олар ЕҚЫК шеңберіндегі адам өлшемдері саласында қабылданған міндеттемелерінің барлық қатысушы-мемлекеттерге тікелей және заңи мүдделі болып табылатыны және тиісті мемлекеттердің тек ішкі ісіне қатысты емес екенін түпкілікті түрде мойындайды. Олар адам өлшемдері саласындағы барлық міндеттемелерін орындауға және оған қатысты барлық мәселелерді өзара құрмет және ынтымақтастық негізінде бейбіт құралдармен жеке және бірлескен түрде шешуге дайын екенін мәлімдейді...

Қатысушы-мемлекеттер өздерінің ұжымдық дайындығын көрсетеді және одан әрі адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғайды және өз аумақтарында демократиялық жетістіктерді нығайтады...(Султанов 2009а: 125).

1999 жылы 19 қарашада Стамбулда қабылданған еуропалық қауіпсіздік Хартиясы да адам құқықтарын құрметтеуді басшылыққа алады. Стамбул құжатының мәтініне сәйкес, ЕҚЫҰ қатысушы-мемлекеттерінің «ұлттық азшылықтағы тұлғалардың құқығын қоса алғанда, адам құқығы мен негізгі бостандықтарын толық құрметтеуді қамтамасыз етуге барлық күшін салатыны және мемлекеттер арасындағы сенім мен қауіпсіздікті нығайтуға өз мүмкіндіктерін көбейтетіні» бекітілген (Султанов 2009b: 226).

Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар туралы Хартиясы мен ЕҚЫҰ-ның адам өлшемдері бойынша құжаттарына салыстырмалы-теория-

лық талдау жасай келе, олардың айырмашылығын қысқаша былай ұсынуды жөн көрдік. Біріншіден, ЕҚЫҰ қарастыратынадамөлшемдері мемлекеттің ішкі құқығына жатпайды, яғни ішкі құқық нормаларымен реттелмейді.

Екіншіден, міндеттілік сипаттары да әртүрлі. Хартия халықаралық шарттық сипатқа ие және 2009 жылдың 1 желтоқсанында күшіне енген өзгерістер туралы Лиссабон шартының құрамдас бөлігі болып табылады. Шарт қазір 2007 жылдың 12 желтоқсанында қабылданған редакцияда әрекет етеді. ЕҚЫҰ құжаттары заңи міндеттіден гөрі саяси міндетті болып табылады.

Үшіншіден, ЕҚЫҰ шеңберіндегі адам құқықтарын қорғау институционалдық сипатқа ие. Хартияда конвенциялық сипат басым. Осы арада ДЖАҚБ /БДИПЧ/-ның баға жетпес қызметін ескеру қажет. ДЖАҚБ /БДИПЧ/-ның негізгі функциялары: демократиялық сайлау өткізуге жәрдемдесу, адам құқықтарын қолдау тәсілдеріне қолдау көрсету, адам өлшемдері бойынша міндеттемелердің орындалуын бақылау және т.б.

Төртіншіден, ЕҚЫҰ адам құқықтары бойынша мәселелерде үкіметтік емес ұйымдармен тығыз байланыста қызмет етеді және оның қарамағында адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау тәжірибесінің рөлі зор. Мысалы, бұл орайда ДЖАҚБ /БДИПЧ/-ның жыл сайынғы есептерін айта кетсек болады.

Бесіншіден, ЕҚЫҰ аясында «адам өлшемімен» аттас «парламенттік өлшем» деген де ұғым қалыптасқан. Демек, адам құқықтары мен негізгі бостандықтары мағынасындағы «адам өлшемі» ұғымы ЕҚЫҰ-на ғана тән.

Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар жөніндегі Хартиясына келетін болсақ, ол жалпы халықаралық қоғамдастық аясындағы басқа «Құқықтар биллін» мойындайды. Хартияның 53-бабына сәйкес, олардың барлығы «өзінің тиісті қолдану аясында» күшін сақтап қалады. Хартия уақыты бойынша кейін қабылданған құжат болғандықтан, оны барлық жағынан толықтырылған, жетілдірілген адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарт деп түсінген жөн.

Сондай-ақ, Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар туралы Хартиясы XX ғасырдың ең соңында қабылданғандықтан, ол осы ұйым шеңберіндегі ғана емес, Еуропа Одағындағы ғана емес, сонымен қатар бүкіләлемдік құқықтар мен бостандықтарды заңи қорғау жүйесінің бай тәжірибесіне сүйенеді. Хартияның мәтінін құрастыру барысында оны дайындаушылар

бірқатар конституциялық және халықаралық құжаттармен қоса өз жиынтығында «Құқықтар биллін» құрайтын нормаларды да пайдаланған.

Хартияның басты қайнар көздерінің тізімі оның преамбуласында көрсетілген және жоғарыда аталған актілер мен ережелерден тұрады. Біріншіден, бұл – мүше-мемлекеттердің конституциялық дәстүрлері мен халықаралық міндеттемелері. Оған ЕО мүше-мемлекеттерінің негізгі заңдарында көрініс тапқан «құқықтар туралы биллі», адам құқықтары жөніндегі әмбебаптық және аймақтық халықаралық актілер жатады.

Екіншіден, Еуропалық қоғамдастықтар мен Одақтың құрылтай құжаттары. Бұл сала бойынша маңызды мәнге ең алдымен «еуропалық» азаматтардың негізгі құқықтарының бірқатары: қозғалыс, яғни жүріп-тұру еркіндігі, сайлау құқығы, петиция жазу құқығы және т.б. бекітілген Еуропалық қоғамдастық туралы Шарт (екінші бөлімі «Одақ азаматтығы»), ал 2009 жылғы Лиссабон Шартына сәйкес енді ол Еуропалық Одақтың қызмет етуі туралы Шарт. Өйткені Еуропалық қоғамдастықтар туралы Шарт енді басқаша ресми атауға ие болды.

Үшіншіден, жеке азаматтық және саяси құқықтардың айтарлықтай толық каталогынан тұратын 1950 жылғы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясы ерекше атап өткен жөн. Оның маңызын Еуропалық Одақтың әрбір мүше-мемлекеті немесе ЕО-қа мүше болуға үміткер мемлекет міндетті түрде Конвенцияға қосылуы тиіс деген ереже арттырады.

Төртіншіден, преамбулада әлеуметтік-экономикалық құқықтардың негізгі қайнар көзі ретінде ЕО пен Еуропа Кеңесінің тиісті хартиялары көрсетілген. Олар: Жұмысшылардың негізгі әлеуметтік құқықтары туралы Қоғамдастықтың Хартиясы және Еуропалық әлеуметтік хартия.

Бесіншіден, Хартия қайнар көздерінің келесі жеке тобын еуропалық соттардың – Еуропалық қоғамдастық Соты мен адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың прецеденттік құқығы құрайды (Кашкин 2001: 31).

Жоғарыда аталған қайнар көздер ішінен негізінен үш құжат Хартияның мәтінін құрастыруға көп ықпал етті: олар барлық хаттамаларын қоса алғанда 1950 жылғы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясы (Хартияның I тарауы «Адамгершілік», II тарау «Бостандықтар», VI тарау «Әділсот»), 1961

жылғы Еуропалық әлеуметтік хартия және оның 1996 жылғы нұсқасы (III тарау «Теңдік» және IV тарау «Ынтымақтастық»), барлық келесі толықтыруларымен бірге 1957 ж. Еуропалық қоғамдастық туралы Шарт (III тарау «Теңдік», V тарау «Азаматтық»).

Бұл құжаттардың кейбір ережелері Хартияда сөзбе-сөз көрініс тапқан (Griller 2008).

### Қорытынды

Хартияның жалпы мазмұнын түйіндейтін ең соңғы 54-бабы ең алдымен, Хартия ережелерінің заңи үстемдігін, екіншіден Хартиядағы нормаларға қайшы келетін нормалардың әрекет-

сіздігін, яғни күші болмайтынын мойындатады. Сәйкесінше, Хартия мазмұнынан туындайтын міндеттемелерді өзіне алған кез-келген мемлекет сол бойынша жауапты болады, әрі Хартияның міндетті күшін мойындайды.

Осылайша, еуропалық адам құқықтарын қорғау жүйесі өзінің нормативтік мазмұнының толық жүзеге асыру бағытында озық тәжірибесі қалыптасқанын көрсетіп отыр. Бұған біз тақырып аясында жүргізген зерттеудің нәтижесіне сәйкес куә болып отырмыз. Болашақта еуропалық адам құқықтарын қорғау жүйесінің ұтымды бөліктерін отандық адам құқықтарын қорғау жүйесіне енгізу тұстары келесі зерттеулерге арқау болары сөзсіз.

### Әдебиеттер

Европейское право. Право Европейского Союза и правовое обеспечение защиты прав человека: учебник / рук. авт. кол. и отв. ред. Л.М. Энтин. – 2-е изд., пересмотр. и доп. – М.: Норма, 2008. – 960 с.

Дженис М., Кэй Р., Брэдли Э. Европейское право в области прав человека (Практика и комментарии) /Пер. с англ. – М.: «Права человека», 1997.– 640 с.

Конвенция о защите прав человека и основных свобод от 4 ноября 1950г. // <http://www.echr.ru/documents/doc/2440800/2440800-004.htm>.

Vasak K. The Council of Europe // The International Dimensions of Human Rights. Paris, 1982. Vol. 2.

Маркина Ю. Европейская Социальная Хартия // [http://eulaw.edu.ru/documents/scient\\_effort/conf\\_26-04-01/markina.htm](http://eulaw.edu.ru/documents/scient_effort/conf_26-04-01/markina.htm).

Утегенова А.Р. ОБСЕ в начале XXI в.: перспективы развития: Монография. – Алматы, 2008. – 250 с.

Заключительный акт Совещания по безопасности и сотрудничеству в Европе от 1 августа 1975 г. // К председателству Казахстана в ОБСЕ: сборник документов и материалов /Под. общ. Ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2009. – 340 с.

Декларация «Навстречу сообществу безопасности» // <http://vesti.kz/polit/71115/>.

Dollat Patrick. Droit europeen et droit de l'Union europeen. Paris, 2010. 571 p.

Парижская Хартия для новой Европы от 19-21 ноября 1990 г. // К председателству Казахстана в ОБСЕ: сборник документов и материалов /Под. общ. Ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2009. – 340 с.

Документ Московского совещания конференции по человеческому измерению ОБСЕ. Москва, 3 октября 1991 года // К председателству Казахстана в ОБСЕ: сборник документов и материалов / Под. общ. Ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2009. – 340 с.

Хартия европейской безопасности от 19 ноября 1999 года // К председателству Казахстана в ОБСЕ: сборник документов и материалов / Под. общ. Ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2009. – 340 с.

Хартия Европейского Союза об основных правах: Комментарий / Под ред. д.ю.н., проф. С.Ю. Кашкина. – М.:Юриспруденция, 2001. – 208 с.

Griller, S., Ziller, J. (eds.), Springer, New York, Wien, 2008; Pernice, I., The Treaty of Lisbon and Fundamental Rights, p. 235.

Priollaud F.-X., Siritzky D. Le Traite de Lisbonne: Texte et commentaire article par article des nouveaux traites europeens (TUE – TFUE). Paris, 2008. 523 p.

### References

Charter of Paris for a new Europe of November 19-21, 1990 // To the chairmanship of Kazakhstan in the OSCE: a collection of documents and materials / Under. total Ed. B.K. Sultanov. – Atmaty: KISI under the President of the Republic of Kazakhstan, 2009. – 340 p.

Charter of Fundamental Rights of the European Union: Commentary / Ed. Doctor of Law, Prof. S.Yu. Kashkin. – M.: Jurisprudence, 2001. – 208 p.

Convention for the Protection of Human Rights and Fundamental Freedoms of November 4, 1950 // <http://www.echr.ru/documents/doc/2440800/2440800-004.htm>.

Declaration «Towards the security community» // <http://vesti.kz/polit/71115/>.

Dollat Patrick. Droit europeen et droit de l'Union europeen. Paris, 2010. 571 p.

Document of the Moscow Meeting of the Conference on the Human Dimension of the CSCE. Moscow, October 3, 1991 // Toward the Chairmanship of Kazakhstan in the OSCE: a collection of documents and materials / Ed. total Ed. B.K. Sultanov. – Atmaty: KISI under the President of the Republic of Kazakhstan, 2009. – 340 p.

European law. European Union law and legal support for the protection of human rights: textbook / hands. ed. count and resp. ed. L.M. Entin. – 2nd ed., revision. and additional – M.: Norma, 2008. – 960 p.

European Security Charter of November 19, 1999 // Toward the Chairmanship of Kazakhstan in the OSCE: a collection of documents and materials / Ed. total Ed. B.K. Sultanov. – Atmaty: KISI under the President of the Republic of Kazakhstan, 2009. – 340 p.

Griller, S., Ziller, J. (eds.), Springer, New York, Wien, 2008: Pernice, I., The Treaty of Lisbon and Fundamental Rights, p. 235.

Janis M., Kay R., Bradley E. European human rights law (Practice and comments). Per. from English. – M.: «Human Rights», 1997. – 640 p.

Markina Y. European Social Charter // [http://eulaw.edu.ru/documents/scient\\_effort/conf\\_26-04-01/markina.htm](http://eulaw.edu.ru/documents/scient_effort/conf_26-04-01/markina.htm) (March 16, 2010).

Priollaud F.-X., Siritzky D. Le Traite de Lisbonne: Texte et commentaire article par article des nouveaux traites europeens (TUE – TFUE). Paris, 2008. 523 p.

Vasak K. The Council of Europe // The International Dimensions of Human Rights. Paris, 1982. Vol. 2.

The final act of the Conference on Security and Cooperation in Europe of August 1, 1975 // To the Chairmanship of Kazakhstan in the OSCE: a collection of documents and materials / Under. total Ed. B.K. Sultanov. – Atmaty: KISI under the President of the Republic of Kazakhstan, 2009. – 340 p.

Utegenova A.R. OSCE at the Beginning of the 21st Century: Prospects for Development: Monograph. – Almaty, 2008. – 250 p.